

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2020 жылғы 23 қыркүйекте жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Р.В. Склярға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кезекті халыққа жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес» деп айта тұрып, осы саладағы шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелерге тоқтап өтті.

Ауылдағы еңбек етіп жүрген халқымыздың жағдайы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың да назарынан тыс қалмаған!

Алысқа бармай кешегіні айтайық.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №420 Жарлығымен «Қазақстан Республикасы агроөнеркәсібінің 2017-2021 жылдарға арналған Мемлекеттік даму бағдарламасы» бекітіліп, оның орындалуын Үкіметке тапсырды. Онда 8 негізгі орындалуға тиісті мақсаттар қойылған.

Алайда, министр ауысып аталған бағдарлама өзгеріске ұшырады, проблема шешілген жоқ. Ал бағдарлама «Агроөнеркәсіп кешенің дамыту картасы» болып өзгерді.

Ауыл шаруашылығы төңірегіндегі өзекті мәселелер жөнінде менің әріптестерім «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері бірнеше рет сауалдар жолдаған болатын.

Ағын және ауыз су, мақта саласын субсидиялау жөнінде жолдаған сауалдарыма мардымды жауап алмауыма байланысты осы сауалымды Сізге қайта жолдап отырмын.

2020 жылдың мамыр айында Шардара су қоймасына келетін судың аз болатынын болжай тұра, ҚР Су комитетінің шешімімен, Өзбекістанның Арнасай су қоймасына бір миллиард текше метрден астам су тасталды. Бұл

апатты жағдайда жұмыс істеуге тиіс гидрокұрылым. Нәтижесінде Түркістан және Қызылорда облыстары дихандарының алқаптарына су жетіспей шаруа зардап шекті. Сондай-ақ ауыз су сапасы төмендеп, тұрғындардың мазасы кетті.

Қоймадағы су мемлекеттің табиғи қоры болып саналады. Яғни, ол қордан бөліп, өзге мемлекетке беру, Су ресурстары комитетінің құзырына жатпау керек.

Пандемия салдарынан болып жатқан дүниежүзілік дағдарыс мақташыларға үлкен проблема тудырып отыр. Сатып алушы болмағандықтан жиын терімді жүргізуге қаржы көзі табылмай тұр. Ұлттық банктің заңды тұлғаларға нақты ақшаны пайдалануға 120 млн. теңгеден аспайтын лимиті кедергі болып тұр. Ал керегі 15 миллиард теңгеге жуық ақша.

125 мың гектарға егілген мақта, ол 330 мың тоннаға жуық өнім. Барын салып жазымен еңбек еткен жүз мыңға жуық шаруаның ертеңгі күннен күткен үміті. Бұл кезегін күттірмейтін мәселе.

Құрметті Роман Васильевич, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, аталған мәселелерді түбегейлі шешу бойынша шаралар қабылдауыңызды сұраймын.

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес беруді сұраймын.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің Депутаты,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшесі**

Қ. Ержан

*Орынд: А. Сансызбай
Тел. 74-62-11
sansyzbay@parlam.kz*